



• БӘРЕКЕЛДІ!

Арман жолындағы белес

Президенттің арнаулы әдеби сыйлығының иегерлері анықталды. Бұл қатарда белгілі жазушы, баспагер Арман Әлманбет те бар. Ол Арқадағы бас басылым «Ortalyq Qazaqstan» газетінде еңбек етті.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Проза» номинациясында Арман Әлманбеттің «Тергеуші» романы үздік атанды. Автордың айтуынша, романды жазуға үш жыл уақыт кеткен.

– 2019 жылы ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Ең өзекті міндеттердің бірі – құқық қорғау жүйесін толық реформалау болып саналады. Полицияның бет-бейнесі өзгереді» деп еді. Президент тек киім емес, тәртіп сақшыларының халық алдындағы бейнесі туралы да айтты деп ойлаймын. Полициядан халық қорықпауы керек. Керісінше, арқа сүйері, қорғаны бола алып, сенімі мен құрметіне айналуы тиіс. Романға осы идеяны арқау еттім, – деді Арман Әлманбет.

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Баланың қуанғаны қандай бақыт!

Облыста жыл сайын Мемлекет басшысының атынан дәстүрлі Президент шыршасы өтеді. Биыл да мерекелік жиынға 200 бала қатысып, шаттыққа бөленді. Өңірдің түпкір-түпкірінен жиналған жеткіншектер үшін бұл күн ұмытылмас әсерге толы болды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа жылдық мерекеге 9-13 жас аралығындағы дарынды балалар шақырылды. Олардың қатарында оқу мен шығармашылықта табысқа жеткен оқушылар, түрлі байқаулар мен жарыстардың жеңімпаздары, ерекше қажеттіліктері бар балалар, аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан бүлдіршіндер бар. Сонымен қатар, облыстың арнайы мектеп-интернаттары мен балалар үйлерінен келген тәрбиеленушілер де мерекенің қызықты өтуіне атсалысты.

– Қымбатты балалар! Осы сәулелі сәтте сіздермен бірге болғаныма ерекше қуаныштымын. Бұл араға білімде, спортта, мәдениет пен шығармашылықта жетістікке жеткен нағыз дарынды балалар іріктеліп келді. Біз сіздерді әрдайым қолдап, көмек көрсетуге әзірміз. Алда келе жатқан Жаңа жыл баршаңызға тек жақсылық әкелсін! Армандарың – асқак, мұраттарың – айқын болып, ойға алған мақсаттарына жетуге тілектестік білдіремін, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Салтанатты кеш «Үш қасиет патшалығындағы жаңа жылдық оқиға» атты театрландырылған қойылым форматында өтті. Бағдарлама аясында Аяз ата мен Акшақар, ертегі кейіпкерлері, сондай-ақ, символдық бейнелерден хақим Абай ай-



тқан – Ақыл, Қайрат және Жылы Жүрек сахна төріне шығып, ізгілік, білім мен мейірім құндылықтарын дәріптеді. Ән мен би, қызықты ойындар мен әсерлі көріністер балаларға ерекше көңіл-күй сыйлады.

Кеш барысында балдырған балалар ертегі кейіпкерлерімен бірге ән айтып, би биледі. Шеңбер құрып, Аяз атаны шақырып, жаңа жылдық шыршаның шамын жакты. Мерекелік бағдарлама ойын-са-

уыққа, сиқырлы көріністер мен көңілді сәттерге толы болды.

Мерекелік іс-шараға қатысушы бүлдіршін Әмина Мейірханова: «Осындай ауқымды мерекеге қатысқанымға өте қуаныштымын. Қойылымдар да, ертегі кейіпкерлерінің бәрі де ұнады. Әсіресе, барлық балалармен үлкен әрі жарқыраған шыршаның шамын жаққанымыз өте әсерлі. Жаңа жылдық сыйлықтар мен керемет көңіл-күй сыйлағандарыңыз үшін көп алғысымды

білдіремін», – деп әсерімен бөлісті.

Мереке соңында балаларға Мемлекет басшысының атынан жаңа жылдық сыйлықтар табысталды. Олардың қатарында мектеп рюкзақтары, түрлі-түсті энциклопедиялар, тәтті-дәмділер бар. Шынында да, мерекелік шырша балалардың жүзіне шаттық сыйлап, жаңа жылға деген сенім мен үмітті нығайтты.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ӨЗЕКТІ

Шаттыққа да сақтық керек

Жаңа жыл жақындаған сайын мерекелік думанмен бірге қауіп те күшейеді. Дәл осы кезеңде облыстық төтенше жағдайлар қызметі салғырттықтың салдарынан сан соғып қалмаудың алдын алу шараларын бастап кетті. Қарағанды облысы төтенше жағдайлар департаментінің мемлекеттік өрт бақылау басқармасы бастығының міндетін атқарушы, азаматтық қорғау майоры Құрмет Жұмекенов мереке қарсаңында атқарылып жатқан жұмыстарды егжей-тегжейлі баяндап, қоғамды жауапкершілікке шақырды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қауіптің алдын алу маңызды

Сарапшылардың пайымдауынша, Жаңа жыл мерекесі – өрт қауіпі күрт өсетін кезең. Бұған бірнеше фактор әсер етеді. Олар – электр желісіне түсетін жүктеменің артуы, уақытша орнатылған жарықтандыру құралдары, адам көп жиналатын іс-шаралар және бақылаусыз пайдаланылатын пиротехника. Осыны ескере отырып, республикалық жоспар аясында облыста 17-26 желтоқсан аралығында «Қауіпсіз Жаңа жыл» және «Пиротехника» атты профилактикалық акциялар жүзеге асырылды.

Бұл акциялардың басты мақсаты – тексеру жүргізу ғана емес, қауіптің алдын алу мәдениетін қалыптастыру. Төтенше жағдайлар департаменті мерекелік іс-шаралар өтетін барлық нысандарда комиссиялық тексерістер жүргізіп, өрт дабылы жүйелері, эвакуациялық шығу жолдары, электр желілерінің жағдайына



Коллаж жасаған Арнайым Қоспаева

ерекше назар аударуда.

Президенттік шыршаға дайындық та осы талаптар аясында жүргізілді. Іс-шара өтетін нысан өрт қауіпсіздігі талаптарына толық сәйкестігі тұрғысынан арнайы комиссиямен тексерілді.

– Бұқаралық іс-шараларда қауіпсіздік үнемі бірінші орында тұруы тиіс. Біз әрбір тексерісті формалды емес, нақты тәуекелді жою мақсатында жүргіздік, – деді Құрмет Жұмекенов.

Сонымен қатар, қала және аудан әкімдеріне жаңа жылдық мерекелер кезінде профилактикалық жұмыстарды күшейту,

тұрғындармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу мұқият тапсырылды. Білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік сала, мәдени және спорт мекемелерінің басшыларына қарасты нысандарда өрт қауіпсіздігін ерекше бақылауға алу қажеттігі ескертілді. Әсіресе, автономды жылыту жүйесі бар ғимараттар тәуекелі жоғары нысандар ретінде қатаң бақылауға алынуда.

Пиротехника мен шыршада сақтық керек

Жаңа жылды отпашусыз елестету қиын. Алайда, статистика пиротехника-

лық бұйымдардың өрт пен жарақаттың негізгі себептерінің бірі екенін көрсетіп отыр. Осыған байланысты 17-26 желтоқсан аралығында «Пиротехника» республикалық акциясы басталып, төтенше жағдайлар департаменті мен полиция департаментінің қызметкерлері бірлесіп, рейдтік іс-шаралар өткізді.

Рейдтер барысында пиротехникалық өнімдер сатылатын орындарда қауіпсіздік талаптары түсіндіріліп, заңсыз және талапқа сай емес өнімдердің сатылуына жол бермеу көзделді. Мамандар пиротехниканы ғимарат ішінде, балконда, адамдарға жақын жерде, желді ауа райында пайдаланудың аса қауіпті екенін ескертті. Сонымен қатар, балалардың мұндай бұйымдарды қолдануына қатаң тыйым салынатынын атап айту керек.

– Пиротехника – ойыншық емес. Бір сәттік әсер үшін адам өмірін қатерге тігуге болмайды. Әсіресе, ата-аналар балалардың қауіпсіздігіне бейжай қарамауы тиіс, – деді Құрмет Жұмекенов.

Шырша орнату мәселесі де маңызды. Көп жағдайда өрт қолдан жасалған гириляндардан, шыршаны жылыту құралдарына жақын қоюдан немесе электр желісін түнде сөндірмеуден туындайды. Сондықтан, мамандар шыршаны тұрақты тірекке бекітіп, кілемдерді алып тастап, тек зауытта дайындалған гириляндарды қолдануға кеңес береді.

Жаңа жылдық мерекелер кезеңінде төтенше жағдайлар департаменті күшейтілген қызмет режиміне көшеді. Департамент қимаратында тәулік бойы жедел штаб жұмыс істеп, кез келген төтенше жағдайға жедел әрекет ету қамтамасыз етіледі. Алайда, мамандардың айтуынша, ең тиімді қауіпсіздік – әр азаматтың жеке жауапкершілігі.

• РЕСМИ

SMS ескертеді

Енді қазақстандықтар рұқсат беру құжаттары мен лицензияларының қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты алдын ала SMS-хабарлама алып отырады. eLicense.kz порталында енгізілген жаңа функция бұл туралы құжат мерзімі аяқталуына 30 күн қалғанда ескертеді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

SMS-хабарламалар электрондық үкіметтің SMS-шлюзі арқылы 1414 қысқа нөмірінен жіберіледі және тек қолданылу мерзімі белгіленген лицензиялар мен рұқсат құжаттарына қатысты қызметтерді қамтиды.

Хабарлама мәтінінде құжаттың бірегей нөмірі көрсетіліп, толық ақпарат алу үшін пайдаланушының жеке кабинетіне өту ұсынылады.

Сонымен қатар, eLicense.kz порталында бірқатар мемлекеттік қызметтер бойынша проактивті қайта рәсімдеу тетігі де қолжетімді. Бұл жүйе лицензия иесі туралы негізгі деректер өзгерген жағдайда, мысалы, жеке тұлғаның аты-жөні немесе ұйым атауы өзгерсе, автоматты түрде іске қосылады. Мұндай қайта рәсімдеу мемлекеттік органдардың қатысуынсыз және пайдаланушы тарапынан қосымша өтініш беруді талап етпей жүзеге асады.

Проктивті форматта көрсетілетін қызметтер қатарына пестицидтерді мемлекеттік тіркеу, тұқым өндірушілер мен сатушыларды аттестаттау, I және II санаттағы объектілерге экологиялық рұқсат беру және бағдарламалық қамтамасыз ету мен электрондық өнеркәсіп өнімдерін сенімді өнімдер тізіліміне енгізу немесе одан шығару қызметтері кіреді.

• ӨНІРЛЕРДІ ДАМУЫ

Агрокластердегі ауқымды жоба

Осакаров ауданында ауыл шаруашылығы саласын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған ауқымды инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. «Евразия инвест LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бастамашы болған көпсалалы агромеркәсіптік кластер өңірдің экономикалық картасында маңызды орын алмақ.



Салтанат ІЛНІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жобаның жүзеге асу барысы туралы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевқа өңір басшысының ауданға жасаған жұмыс сапары барысында компанияның құрылтайшысы Иван Георгиади жан-жақты баяндады. Оның айтуынша, жоба Қарағанды облысы әкімдігі мен «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының қолдауымен кезең-кезеңімен дамып келеді.

Кластердің басты мақсаты – ауыл шаруашылығын кешенді түрде өркендету, өңірде өндірілетін өнім көлемін ұлғайту, сондай-ақ, жаңа тұрақты жұмыс орындарын ашу. Осы арқылы жергілікті тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартып, аймақтың азықтүлік қауіпсіздігін нығайту көзделген.

Кластер бірнеше бағытты қамтиды. Нысандардың бірқатары бүгінде пайдалануға беріліп, нақты нәтижесін көрсетіп отыр. Атап айтқанда, Родниковское ауылында биыл қуаттылығы 10 мың тонна астық сақтауға арналған элеватор іске қосылды. Оның сыйымдылығын 80 мың тоннаға дейін арттыру жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, бұл елдімекенде компанияның өз өндірісіндегі картопты сақтауға арналған жалпы сыйымдылығы 17 мың тонна болатын үш заманауи көкөніс қоймасы салынған. Бұған қоса, SAUMAL брендiмен құрғақ бис сүтін өндіретін зауыт тұрақты жұмыс істеп тұр. Аталған кәсіпорындар жергілікті өнімнің сақталу мерзімін ұзартуға және өңдеуді жолға қоюға мүмкіндік беріп отыр.

Кластердің негізгі әрі стратегиялық нысандарының бірі – Жансары ауыл-

дық округінде салынатын 6 мың басқа арналған тауарлы-сүт фермасы. Қазіргі уақытта жобаның алғашқы кезеңі – 1200 басқа есептелген бөлігін іске асыру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.

Сиыр қорасы мен төлдету блогындағы құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын. Ғимараттар сэндвич-панельдермен жабылып жатыр, ал келесі кезеңде едендерді бетондау жоспарланған. Сауын блогында 40 орындық заманауи сауу каруселін орнату жұмыстары қолға алынған.

– Барлық назар осы нысанға аударылған. Инженерлік коммуникациялар толық тартылды, инфрақұрылымдық ғимараттар салынды. Сонымен қатар 230 орындық жатақхана бар, ауысымдар үшін әкімшілік-тұрмыстық кешен бой көтеруде, асханалар жұмыс істеп тұр. Бүгінде бұл аумақта тәулік бойы шамамен 300 адам еңбек етуде, – деді «Евразия инвест LTD» ЖШС директоры Серік Жүнісов.

Келісімшарттар жасалып, көктем мезгілінде Ресей Федерациясынан голшти-но-фриз тұқымды сиырлардың алғашқы партиясын жеткізу жоспарланған.

Жобаның тағы бір маңызды бағыты – суармалы егіншілікті дамыту. 2024 жылдан 4800 гектар егістік алқапта заманауи суару жүйелері іске қосылды.

Бұл тауарлы-сүт фермасын тұрақты жемшөп базасымен қамтамасыз етуге, сондай-ақ маржиналды ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемін кеңейтуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде өндіріс шығындары азайып, өнімнің өзіндік құны төмендеді.

Кластерді одан әрі кеңейту 2026-2027 жылдарға жоспарланған. Ақбұлақ ауылы-

ның аумағында кезең-кезеңімен сақтау сыйымдылығы 40 мың тонна, кейіннен 80 мың тоннаға дейін арттырылатын желілік элеватор салу көзделіп отыр.

Сонымен қатар тәулігіне 300 тоннаға дейін майлы дақылдарды өңдейтін зауыт іске қосылады. Мұнда негізінен құнбағыс майы өндірілмек. Қатарынан сағатына 10 тонна өнім шығаратын құрамажем зауыты бой көтереді. Бұл кәсіпорын элеватор мен май өңдеу зауытының өнімдерін пайдалана отырып, өңірдегі фермалар мен құс фабрикаларын жемшөппен қамтамасыз етпек.

Жобаның аясында жылына 10 мың тоннаға дейін құс етін өндіретін ет бағытындағы құс фабрикасын салу да қарастырылған. Бұл кәсіпорында шамамен 300 жаңа жұмыс орны ашылады. Жалпы бастама өңірді отандық өніммен қамтып, импортқа тәуелділікті азайтуға бағытталған.

Аталған жобалардың толық іске асуы болашақ нысандар аумағына «Молодёжный» көмір разрезінің қолданыстағы теміржол тармағынан жаңа теміржол желісін тартумен тығыз байланысты. Теміржол инфрақұрылымын, сондай-ақ энергиямен жабдықтау нысандары мен автомобиль жолдарын салу Қарағанды облысы әкімдігінің қолдауымен жүзеге асырылатын болады.

Жалпы алғанда, жобаны толық іске асыру нәтижесінде шамамен 600 жаңа жұмыс орны құрылып, салық түсімдері артып, өңірдің логистикалық әлеуеті, әсіресе теміржол инфрақұрылымы есебінен, айтарлықтай нығаиды.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Дамудың даңғыл жолында

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев «Сағуатқа» телеарнасының «Әкіммен сұхбат» бағдарламасына қатысып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы басты нәтижелер мен алдағы жоспарлар туралы кеңінен әңгімеледі. Жыл қорытындысын шығарған аймақ басшысы инфляция, коммуналдық тарифтер, ауыл дамуы, өндіріс, медицина және инвестиция тарту сынды өзекті мәселелерге нақты тоқталды.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Мәліметтерге сүйенсек, 2025 жыл Қарағанды облысы үшін күрделі, бірақ, нәтижелі жыл болған. Инфляция деңгейіне коммуналдық тарифтердің өсуі әсер еткені жасырын емес. Алайда, өңір басшылығы бағаны тұрақтандыру үшін жүйелі алдын алу шараларын іске қосты.

Коммуналдық тарифтерге жарияланған мораторий нақты нәтиже берді. Қазіргі таңда баға тұрақталып, нарықта күрт өсім байқалмайды. Сүт пен ет өнімдерінің бағасын тұрақтандыру алдағы уақытта оң әсерін тигізері анық.

– Тарифті көтеріп, бір сәттік табыс табуға болады. Бірақ, бұл ұзақмерзімді шешім емес. Біз тариф, бюджет және несиетіктерін қатар пайдаланып, жүйені жаңғыртуға бет бұрдық, – деп атап өтті облыс әкімі.

Аймақ басшысы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа да қомақты қаржы бөлініп, назарда екенін айтады. Биыл мұнда яғни тұрғын-үй коммуналдық шаруашылыққа 180 млрд теңгеге жуық қаражат бөлінді. Бұл жылу жүйелері, электр желілері мен су инфрақұрылымын жаңартуға жұмсалуда.

Алғашқы кезеңде облигация арқылы 6 млрд теңгеден астам қаржы тартылып, ол Теміртаудағы екі ірі жылу жүйесін жаңғыртуға бағытталыпты. Қалған қаражат Қарағанды қаласындағы су жүйелерін қайта құруға жұмсалмақ.

Өңір экономикасының негізгі тірегі – тау-кен өндірісі десек, «Қазақмыс», «Qatmet» компаниялары және дөңгелек шығаратын зауыт бұрынғыдай басты назарда. «Qatmet» өндірісін жаңғырту оң нәтиже берді.

Сонымен бірге, ірі өндірістердің айналасында шағын кәсіпорындар дамып келеді. Балқаштан мыс алып, сым өнімдерін шығаратын жаңа өндіріс іске қосылды. Пластик құбыр шығаратын кәсіпорын жұмыс істеп тұр. Жақын арада тағы екі шағын өндіріс ашылады. Оның бірі – Қарағандыда, екіншісі – Саран қаласында.

– Біздің мақсат – әрбір моноқалада шағын өндіріс ошақтарын қалыптастыру. Жер де бар, шикізат та жеткілікті, қолдау да көрсетіледі, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Бұқар жырау, Ақтоғай сынды бірқатар ауданда да мұндай өндіріс орындары ашылды. Бұл тәжірибені ауылдарға да жеткізу жоспарланып отыр. Ет, сүт өнім-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

дерін өңдеу, тігін цехтары сияқты барлық бағыттар қамтылады.

Қарағанды облысының үш жылдық бюджетінің 60 пайызы әлеуметтік салаға, 19 пайызы өңір дамуына, қалған бөлігі өзге салаларға бағытталған. Мәслихат шешімімен шағын және орта бизнеске салынатын салық 2 пайызға қысқартылды. Мұнда 240 мыңға жуық адам еңбек етеді. Үкімет қабылдаған жаңа заңдар арқылы кәсіпкерлерге пайыздық үстемесі төмен несиелер мен жеңілдетілген қаржыландыру тетіктері де ұсынылуда.

Ауылдық аумақтарды дамытуда медицина ерекше орын алады. Биыл облыста 92 фельдшерлік-акушерлік пункт салынды. Бұл – республикадағы ең жоғары көрсеткіш. Дегенмен, басты мәселе – кадр тапшылығы.

– Нысан салу жеткіліксіз. Оны мамандармен қамтамасыз ету керек. Сол үшін көтермеақы, тегін үй беру, медицина сыныптарын ашу сияқты шараларды қолға алдық, – дейді әкім. – Ауылға келген медицина мамандарына 8 млн теңгеге дейін көтермеақы қарастырылған, бұл сома алдағы уақытта ұлғаюы мүмкін. Сонымен қатар, 113 жедел жәрдем көлігі сатып алынып, аймақтарға таратылуда.

Ал, инвестиция тартуда Қытай бағыты ерекше маңызға ие. Үрімші қаласында ашылған өкілдік кеңсе қазақстандық, оның ішінде қарағандылық кәсіпкерлерге уақыт пен ресурсты үнемдеуге жол ашты.

Сондай-ақ, Қарағанды әуежайының тиімді географиялық орналасуы логистикалық хаб құруға мүмкіндік береді. Әуежай маңындағы жерлер босатылып, инфрақұрылымды дамыту басталғаны тілге тиек етілді. «Қарағанды-Әуежай» теміржол желісін салу жобасы зерттеліп жатса, «Қазпошта» қытайлық серіктестермен сұрыптау орталығын ашу жөнінде келіссөз жүргізілуде. Шетелдік ұшақтарға жанармай құйып, транзиттік қызмет көрсету де жоспарланған.

Бұл ауқымды сұхбат облыс дамуының кездейсоқ емес, нақты есепке, цифрға және ұзақмерзімді жоспарға негізделгенін аңғартты. Атап айтсақ, коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуға жүздеген миллиард теңге бағытталып, өндіріс пен шағын бизнесті дамыту қатар жүріп жатыр. Әлеуметтік сала, әсіресе ауыл медицинасы – басты назарда. Ал, Қытаймен әріптестік пен әуежай инфрақұрылымы өңірді халықаралық деңгейге шығаруға мүмкіндік бермек. Осылайша, кеншілер өлкесінің бүгінде тұрақтылықты сақтап қана қоймай, болашаққа батыл қадам жасап отырғанын айрықша атап өткен жөн.

• БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Балаларды қолдау орталығы ашылды

Қарағандыда аутизм спектрінің бұзылыстары мен өзге де менталдық ауытқулары бар балаларға арналған «Қамқорлық» облыстық күндізгі орталығы ашылды. Орталықта жыл сайын 3 пен 18 жас аралығындағы 125 бала тегін көмек алып, бейімдеуден және оңалтудан өтеді. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады. Баспасөз қызметінің таратқан мәліметіне сүйенсек, мұнда балалардың дамуына, әлеуметтенуіне және қоғамға бейімделуіне көңіл бөлінеді. Сонымен бірге, әлеуметтік-тұрмыстық, психологиялық, педагогикалық және медициналық қолдау жасалады.

Салтанат ІЛНІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл орталық «Самұрық-Қазына» АҚ-ның бірыңғай қайырымдылық операторы – «Samruk-Kazyna Trust» қоры, «Қазақстан халқына» қоры, «Қамқорлық қоры», Нұрсұлтан Назарбаев қоры және Қарағанды облысы әкімдігінің серіктестігі негізінде ашылып отыр.

– Жаңа жыл қарсаңында аутизм және өзге де менталдық бұзылыстары бар балаларға арналған маңызды әлеуметтік нысан – төрт құрылымының бірлескен еңбегінің нәтижесі. Жобаны қолдаған қорларға ризашылығымыз білдіреміз. Орталық толықтай қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған, алда үлкен әрі жауапты жұмыс



түр. Ең бастысы – бұл жерде балалардың күлкісі естіліп, олардың жүзінен қуаныш сезіліп тұрса екен, – деді өңір басшысы.

Аймақ басшысы логистиканы жүйелеп, орталыққа қатынауды жеңілдету мақсатында тұрақты автобус қатынасын ұйымдастыруды тапсырды. Қоғамдық көлік аялдамалары орталыққа жақын орналасқан. Сонымен қатар, облыстық бюджет есебінен арнайы шағын автобус сатып алынды. Бұл балалардың мәдени, қоғамдық және спорттық іс-шараларға қатысуына мүмкіндік береді.

Орталықты ашу туралы шешім былтыр облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың тапсырмасымен «Қамқорлық қоры» корпоративтік қорымен бірлесіп қабылданған.

Осы кезеңде ғимаратты іріктеу, құр-

делі жөндеу жүргізу, материалдық-техникалық базаны жарактандыру және мамандарды даярлаудан тұратын ауқымды жұмыс атқарылды.

– Қызметкерлер аутизмі және өзге де менталдық бұзылыстары бар балаларды оңалту саласындағы отандық және шетелдік сарапшылардың қатысуымен өткізілген курстарды, тренингтер мен көшпелі семинарларды қамтитын арнайы әзірленген бағдарлама бойынша оқытудан өтті. Бағдарлама аясында аутизмі және өзге де менталдық бұзылыстары бар балаларды оңалту саласындағы отандық және шетелдік сарапшылардың қатысуымен курстар, тренингтер мен көшпелі семинарлар ұйымдастырылды. Кадрлар толықтырылған сайын оқыту жұмыстары жалғасын табады. Қазіргі таңда орталықта 20-дан астам

әдістеме қолданылады. Орталық қызметі тек балалармен шектелмей, ата-аналарды сүйемелдейді. Бұл оларға балаларының даму ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді, – деді орталық директоры Ерлан Төлеуов.

Орталықтың жалпы аумағы шамамен 4 500 шаршы метр. Барлық үй-жайлар балалардың диагноздары мен жеке қажеттіліктері ескеріліп жабдықталған.

Жіһаз бен құрал-жабдықтар қауіпсіздік талаптарына сай, тиімділігі дәлелденген еуропалық өндірушілерден алынған. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау жүйесі орнатылған.

Қарағандылық Наталья Ваншейд орталыққа ұлын алып келген. Баласына аутизм спектрінің бұзылысы және сойлеу тілінің кешеуілдеуі диагнозы қойылған. Анасы мамандар көмегіне үлкен үміт артады.

– Жекеменшік орталықтарда бір айлық оңалту курсының құны орта есеппен 200 мың теңгеден асады. Оның үстіне онда барлық қажетті бағдарламалар қамтылмауы мүмкін. Ал, бұл орталықта сенсорлық бөлме, ұсақ моториканы дамытатын қыш құмыра жасау, дефектолог пен арт-терапия бар. Сонымен қатар, балам мұнда жарты күн болады, ал, мен сол уақытта жұмысқа орналасып немесе өзге де шаруаларымды атқара аламын. Бұл – отбасымыз үшін үлкен қолдау, – дейді ерекше баланың анасы.

Орталықта жеке және топтық сабақтарға арналған кабинеттер жұмыс істейді. Мұнда АВА-терапия, арт-терапия, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау, ро-

бототерапия, лево-терапия және роботтехника бағыттары қамтылған.

Балалар логопед, дефектолог, психолог, бейімделген және емдік дене шынықтыру мамандарымен, сондай-ақ, сенсорлық интеграция бойынша сабақтарға қатысады.

Сенсорлық бөлме, музыка кабинеті, қыш, ағаш өңдеу және тігін шеберханалары қарастырылған. Сабақтар ұзақтығы төрт сағатқа дейінгі екі ауысымда өтеді.

Орталық аумағында балалар ойын алаңдары, ашық аспан астындағы жатығу құрылғылары, футбол, волейбол және баскетбол алаңдары бар. Мұнда тек Қарағанды қаласының емес, облыстың өзге елдімекендерінен келген балалар да қабылданады.

Күндізгі болу орталығына қабылдау үшін міндетті түрде келесі құжаттар қажет: мүгедектік туралы анықтама, жеке оңалту және абилитация бағдарламасы (ЖОАБ), онда психоневрологиялық патологиясы бар мүгедек балаларға арналған күндізгі болу бөлімі көрсетілуі тиіс, сондай-ақ ПМПК қорытындысы. Орталық Ермеков көшесі, 93 мекенжайы бойынша орналасқан. Алдағы оқу жылында осындай орталықты Теміртау қаласында ашу жоспарланып отыр.

2020 жылдан бері Қарағанды облысында «Samruk-Kazyna Trust» қоры 11 әлеуметтік жобаны, оның ішінде «Қамқорлық» ерте араласу орталығын қолдап келеді.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Құттықтау

Қадірлі де ардақты Гинаят атамызды 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен тұспа-тұс келген мерейлі 80 жасыңызбен құттықтаймыз!

Гинаят атамыз – саналы ғұмырын адал еңбекке арнап, ел құрметіне бөленген, отбасына камқор, ұрпағына өнеге болған асыл жан. Оның ғұмыр жолы еліміздің тарихымен, Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңдерімен тығыз байланысты.

Осы қос мерекеді атамызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, көңіл тыныштығын, шаңырағына береке-бірлік, ұрпақтарының қызығын көріп, әрдайым ортамызда әжемізбен бірге аман-есен жүре беруін тілейміз.

Жүз жасаңыз!

Ізгі тілекпен: немерелері – Біржан, Дарын, Мейірім, Ризабек, Даяна, Мерей, Жанель, Ернар, Амирлан, Асылым.

№525

• ВОЛЕЙБОЛ

Батыр ауылындағы бәсеке

Қарқаралы ауданының Нұркен ауылында Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіровті еске алуға арналған дәстүрлі волейбол турнирі өтті. Аталған спорттық іс-шара 1982 жылдан бері үздіксіз ұйымдастырылып келеді және батырдың ерлікке толы өмір жолын дәріптеу, тарихи тұлғаның есімін ұлықтау, өңірде бұқаралық спортты дамыту мақсатын көздейді.

Турнирдің жоғары деңгейде өтуіне Қарқаралы ауданы әкімдігі тарапынан жан-жақты демеушілік қолдау көрсетілген. Ұйымдастырушылар жарыстың талапқа сай, жүйелі түрде өтуін қамтамасыз етіп, қатысушыларға барлық қажетті жағдайды жасады. Биылғы дәстүрлі додаға өңірдің түпкір-түпкірінен жиналған командалар қатысып, тартысты әрі мазмұнды ойын өрнегін көрсетті.

Жарыс барысында спортшылардың кәсіби шеберлігімен қатар, командалық бірлік, өзара сыйластық пен әділ ойын қағидалары айқын байқалды. Әр кездесу жоғары қарқында өтіп, көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Турнир қатысушылары волейбол спортына деген қызығушылықтың өңірде жыл сайын артып келе жатқанын дәлелдеді.

Жарыс қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен командалар анықталып, жеңімпаздар мен жүлдегерлерге ақшалай сыйлық, диплом және

арнайы марапат табысталды. Марапаттау рәсмінде Нұркен Әбдіровтің Отан үшін жасаған ерлігі, ел тарихындағы айрықша орны атап өтіліп, оның есімі халық жадында мәңгі сақталатыны айтылды.

Аталған дәстүрлі волейбол турнирі – жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуге, тарихи сананы қалыптастыруға және ауыл жастарының спортқа деген ынтасын арттыруға бағытталған маңызды қоғамдық шара.

Айтулы дәстүрлі турнир өңір үшін маңызды спорт, тәрбиелік мәні жоғары спорттық іс-шаралардың бірі екенін айқын көрсетті. Ол батырдың ерлігін ұлықтаумен қатар, өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастыруға, салауатты өмір салтын насихаттауға және спорт арқылы бірлікті нығайтуға үлкен үлес қосып келе жатқанын атап өткен жөн.

Исатай БЕКАСЫЛ

Қарқаралы ауданы

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Шағын қаладағы үлкен өзгеріс

Балқаш көлінің жағасында орналасқан Приозерск қаласы бүгінгі таңда дамудың жаңа белесіне көтерілді. 1956 жылы қаланған шағын шаһар бір кездері «Сарышаған» ғылыми-зерттеу полигонының әкімшілік орталығы болып, зымыранға қарсы қорғаныс жүйелерін сынауда маңызды рөл атқарған. Өткенінің мақтанышы мен бүгінгі өрлеуі – қаланың тарихи мәні мен заманауи дамуын айқын көрсетеді. Қала тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыру, инфрақұрылымды жаңғырту және әлеуметтік-экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету бағытында ірі жобалар қолға алынған. Осы маңызды мәселелер мен Приозерск қаласының болашақ жоспарлары жайлы біз қала әкімі Мансұр Ахметовпен сұхбаттасқан едік.

– Мансұр Талғатұлы, 2025 жылы қалада құрылыс және әлеуметтік сала бойынша қандай маңызды жұмыстар атқарылды?

– Сұрағыңызға рақмет. 2025 жыл біздің қала үшін инфрақұрылымдық және әлеуметтік маңызды белес болды. Ең басты жобамыз – Приозерск қаласындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу. Бұл жоба спортты дамыту мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылып, кешен тәулігіне 519 адамға қызмет көрсете алады, 210 орындық залы бар, жалпы ауданы – 2 441 шаршы метр. Бастапқы жоспар бойынша нысанды мерзімінде аяқтау мүмкін болмады. Сол себепті мердігерге қатысты Қарағанды экономикалық сотына талап арыз жолданды. Алайда, мердігер 2025 жылы қосымша қаржы бөлінбестен құрылыс жұмыстарын жалғастырды. Осы жағдайға байланысты келісімшарт 2025 жылдың тамыз айына дейін ұзартылды. Қазіргі уақытта кешен толықтай аяқталып, нысанды әділет органдарында тіркеу жұмыстары жүргізілуде.

2023 жылы басталған инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен 500 орындық мәдениет үйін қамтиды. Құрылысқа жалпы 132,6 млн теңге жұмсалады. 2023 жылы облыстық бюджеттен 50 млн теңге бөлініп, толық игерілді. Ал, 2024 жылы қосымша 82,6 млн теңге қарастырылды. Бірақ, құрылыс қайта басталмады, бөлінген қаражат бюджетке қайтарылды.

2025 жылы қаладағы инфрақұрылымды жаңғырту мақсатында Бәйтерек көшесі бойынша кәріз желілерін салуға 85,7 млн теңге, ал, көше жарығын орнатуға 17,3 млн теңге бөлінді. Қазіргі

таңда бұл жұмыстар қарқынды. Сонымен қатар, «Казтехнология» ЖШС жобалау ұйымымен жылу және кәріз желілерін реконструкциялау үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, құны 90 млн теңге болатын жоба мемлекеттік сараптамаға тапсырылды. Қаржыландыру мәселелері шешілген соң 2026 жылы осы жобаны жүзеге асыру бойынша мемлекеттік сатып алу жұмыстары басталады.

– Бұқараны баспанамен қамту мәселесінің мәнісі қалай?

– Қарашадағы жағдай бойынша қалада 1 376 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл көрсеткіш жоспардан айтарлықтай көп. Дәлірек айтсак, 163,4%-ға артық. Бастапқы жоспар 1 200 шаршы метр болатын. Тұрғын үйлердің уақытлы қолданысқа берілуі қала тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыруға, әлеуметтік осал топтарды қолдауға және Приозерск қаласын жайлы әрі заманауи қалаға айналдыруға ықпал етеді.

Әлеуметтік осал санаттағы азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету жұмыстары 2026 жылы да жалғасады. Қазіргі уақытта Транспортная көшесі, 3 мекен-жайында орналасқан бұрынғы қонақүй ғимаратын 24 пәтерлі заманауи тұрғын үйге айналдыруға бағытталған реконструкция жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Жоба аяқталған соң қала тұрғындары жайлы, қауіпсіз және барлық қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген жаңа пәтерлерге қол жеткізеді.

– Білім беру саласында қандай жаңалықтар бар?

– Білім беру – қаламыздың стратегиялық басымдығының бірі. Қазіргі таңда Приозерск қа-

ласында екі мектеп, екі балабақша және бір қосымша білім беру орталығы өз қызметін атқаруда. Мектептерде 1 964 оқушы білім алса, балабақшаларда 456 бала тәрбие мен дамудың алғашқы қадамдарын үйренуде. Барлық білім беру нысандарына генераторлар орнатылып, электрмен жабдықтау тұрақтылығы қамтамасыз етілді. Мектептерде жөндеу жұмыстары жүргізіліп, заманауи қауіпсіздік камералары мен күзет жүйелері жаңартылды. 1-4 сынып оқушыларының 812-сі тегін ыстық тамақпен қамтылған. Барлық оқушылар мектепке тегін жеткізіліп, олардың оқуға толық қолайлы жағдайы жасалған.

– Әлеуметтің әлеуетін арттыру да маңызды десек, бұл бағыттағы игі істердің легі қалай?

– Осы жылдың алғашқы жеті айында қала билігі әлеуметтік қолдауға 205 млн теңге бөлді. Бұл қаражат 103 азаматқа атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталды. Сонымен қатар, 65 азаматқа жалпы 7,3 млн теңге көлемінде материалдық көмек берілді. Инклюзивті қызметтер арқылы 147 мүгедектің бар азамат қолдау тапты. 31 адамға санаторийлік ем ұсынылды. Бұл көрсеткіштер – әлеуметтік жауапкершілік пен қаланың тұрғындарға қамқорлығының нақты көрінісі.

Ал, елдің ертеңі жастарға келсек, қалада 14-35 жас ара-

лығындағы 3 159 жас бар. «Жасыл ел» еңбек жасағына 100 жас жіберіліп, олар қала мен ауылдық аймақтарда өз үлестерін қосты. Сонымен қатар, жыл ішінде 265 жұмыс іздеген жастың 200-і тұрақты жұмыспен қамтылды. Жастар кәсіпкерлігін қолдау бағытында да маңызды қадамдар жасалды. Қала әкімінің гранты алты жас кәсіпкерге беріліп, жалпы 12 млн теңге қаражат бөлінді. Бұл қаржылай қолдау олардың өз ісін дамытуына мүмкіндік берді және жас кәсіпкерлердің белсенділігін арттырды.

– Жаңа жылда қандай жаңа жоспар мен жаңа жоба іске асырылмақ?

– Біз жыл бойы қала тұрғындарының өмір сапасын арттыруға бағытталған бірқатар ірі инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобаларды іске асырдық. Денсаулық сақтау, тұрғын үй, инженерлік желілер, спорт және мәдениет саласындағы жұмыстар – барлығы тұрғындардың белсенді қатысуымен, қолдауымен жүзеге асты. 2026 жылы да біз осы бағыттарды жалғастырып, Приозерск қаласын жайлы, заманауи және дамыған қалаға айналдыруды мақсат етеміз.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңалық әрқашан жаныңызда!

https://ortalyq.kz/

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Облыстық стоматологиялық емханасы» КМК директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды, мекенжайы: Қарағанды қаласы, Ержанов көш. 47/2, пошталық индексі: 100009, телефон: 8 (7212) 43-14-18. E-mail: kgkprochlb@mail.ru

Конкурсның барлық қатысушыларына қойылатын жалпы біліктілік талаптары:

«Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім, «денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау») мамандығы бойынша сертификаттық курстан (қайта даярлаудан) өткені туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік беру туралы куәлік немесе «денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары білім немесе «денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе MBA executive немесе fulltime дәрежесі, Денсаулық сақтау, Денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; қазіргі заманғы басқару қызметінің стратегиялық және ұйымдастырушылық аспектілері; Денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлы-экономикалық және қаржылық қызметінің негіздері; ұйымның қызметін басқарудың экономикалық әдістері мен талдау; медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасы; ден-

саулық сақтаудағы адам ресурстарын басқарудағы үздік практикалар; халық денсаулығының жай-күйін сипаттайтын Статистика, өлшемдер мен көрсеткіштер; отандық медицинаның қазіргі заманғы ғылыми жетістіктері, денсаулық сақтауды басқарудағы үздік халықаралық тәжірибе; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі қағидалар мен нормаларды; Төтенше жағдайлар кезінде қызметті ұйымдастыру.

Лауазымдық міндеттері:

Денсаулық сақтау ұйымының өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қабылданатын басқарушылық шешімдерге, ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапты болады. Ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетігін айқындайды. Көрсетілетін диагностикалық, емдеу және профилактикалық көмектің тиімділігі мен сапасын одан әрі арттыруға, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған персонал жұмысының жаңа ұйымдастырушылық нысандары мен әдістерін енгізуді және қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді. Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, олардың іс-қимылдарын көрсетілетін медициналық қызметтерді дамытуға және жетілдіруге бағыттайды. Ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану, өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық атмосфераны қалыптастыру бойынша шаралар қабылдайды. Ұйым қызметін талдау және оның жұмысының көрсеткіштерін бағалау негізінде ұйым жұмысының нысандары мен әдістерін жақсарту бойынша қажетті шараларды қабылдайды. Әлеуметтік әріптестік қағидааттары негізінде ұжымдық шартты әзірлеуді, жасасуды және орындауды, еңбек тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді, қызмет-

керлердің еңбек уәждемесін, бастамасы мен белсенділігін дамытуға ықпал етеді.Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайларды зерделеу және бағалау жөніндегі жұмысты үйлестіреді, адам денсаулығына қолайсыз әсер етудің басым факторларын айқындайды. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту бойынша пәрменді шаралар қабылдайды. Гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың жүргізілуін, санитарлық ережелер мен нормалар мен гигиеналық нормативтердің сақталуын жетілдіру және зертханалық-аспаптық бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады. Ұйым қызметінде, оның ішінде қаржы-шаруашылық басқару, шарттық және қаржылық тәртіпті нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу мәселелерінде медициналық этика, заңдылық талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалармен келісім-шарттар жасайды, мәмілелер жасайды. Өз қүзыретіндегі мәселелер бойынша барлық қызметкерлер үшін міндетті өкімдер мен бұйрықтар шығарады. Ұйымды мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта мүдделерін білдіреді.

Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № ҚРДСМ-58/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы Байқау кенесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органының немесе республикалық атқарушы органы басшысының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшысының бос лауазымына конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2. Еркін нысанда жазылған өмірбаян;
3. Білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
4. Еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтардың көшірмелері не жұмыс өтілін растайтын басқа да құжат;
5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген «медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)» № 075/е нысаны
6. ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің соттылығының жоқтығы туралы анықтамасы.

Конкурсқа келесідей адамдар қатыса алмайды:

- 1) он сегіз жастан кіші;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Облыстық стоматологиялық емханасы» КМК-на мына мекенжай бойынша ұсынылуы тиіс: Қарағанды қаласы, Ержанов көш. 47/2, пошталық индексі: 100009, телефон:8 (7212) 43-14-18. E-mail: kgkprochlb@mail.ru директордың қабылдау кабинеті. Бұқаралық ақпарат құралдарының басылымдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.

д

• ХОККЕЙ

Жылды жеңіспен аяқтады

Қарағандылық «Са-рыарқа» хоккей клубы биылғы соңғы ойынын өткізді. Жерлестер өз алаңында атыраулық «Бейбарыс» ко-мандасын қабылдап, бірінші кездесуде 4:5 есебімен жеңіліп қалды. Бірақ, қарымта ой-ында қарсыластарынан ай-ласын асырып, 8:0 есебімен тас-талқан жеңді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Негізі, жерлестер бірінші кез-десуінде жеңіске жететін де еді. Егер азды-көпті мүмкіндігін сәтті пайдаланса. Өзі бірінші айналым-нан-ақ алаң иелері атой салып, басымдыққа ие болды. Одан қала берді бесінші және тоғызыншы минутта есеп ашып, бірінен соң бірін екі шайбаны қарсылас қақпа-сына тоғытты. Бұл жолы көзге түскен қорғаушы Эдгарс Сиксна мен шабуылшы Артем Лихотни-ков. Екеуінің ойын басында салған шайбасынан кейін біршама уақыт таблодағы есеп өзгермеді. Тек, ой-ынның 17-минутында қарсыластар қақпадан саңылау тауып, есеп ал-шақтығын қысқартты. Бірінші ай-налымның қорытындысы бойынша есеп – 2:1.

Екінші айналымда алаң иелері қарсыластың қақпасын торуыл-даумен жүрді. Қос қапталдан ша-буылды кезек жасағанымен, қар-сыластар қателікке бой алдырмады. Ойыншылардың жолын бөгеп, шайбаны қақпаға маңайлатпады.



Осындай сәтте атыраулықтар алаң иелерінен шайбаны тартып алып, қарымта шабуыл жасаған. Ша-буылынан нәтиже шығарып, таразы басын да теңестіріп кетті. Бірақ, қарағандылықтар да қарап қалмай 31-минутта есеп ашып, екінші ай-налымды 3:2 есебімен тәмамдады. Бұл жолы көзге түскен – Владимир Волков.

Шешуші айналымда «Са-рыарқа» шабуылшысы Егор Смо-лянинов ойындағы төртінші шай-баны салады. 50-минутта әріптесі

Эдуард Михайловтың тамаша па-сын мүлт жібермей, қақпаға бағыт-тап, 4:2 есебімен командасын алға шығарған. Бірақ, ойын соңына дей-ін қарсыластар қатарынан екі шай-ба салып, таразы басын теңестіреді. Осылайша, қос қарсылас негізгі ойын уақытында тең түскендіктен кездесу буллит сериясына ұласады. Өкінішке қарай, бұл кезеңде алаң иелері қарсыластардан аяласын асыра алмады.

Қос команда арасындағы қа-рымта кездесу алаң иелері үшін

біріншісіндей қиынға түскен жоқ. Әуелі, бірінші айналымда жерлес-тер қарсылас қақпасына бір шай-ба ғана салған. Екінші айналымда қатарынан бес, үшіншісінде тағы да екі шайба салып, мүмкіндік қалдырмады. Бірінші кездесуінде сүрінген жерлестер қарымтасын-да есе қайтарып, жылды жарқын жеңіспен аяқтады.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• ҚЫС ҚЫЗЫҚТАРЫ

Сырғанақ тепкіңіз келе ме?

Қыстың қызығын сезінгісі келетін қарағандылықтар үшін Қарағандыда ашық аспан астында тегін мұз айдындары жұмыс істей бастады. Биыл жалпы, бес мұз айдынын ашу жоспарланса, бүгінде оның төртеуі жұмыс істеп тұр.

Атап айтсақ, коньки тебуге бола-тын орындар Сарыарқа көшесіндегі «Алаш» скверінде, Майқұдықтағы Қазақстанның 50 жылдығы аты-ндағы саябақта, Пришахтинскідегі Қа-зақстанның 40 жылдығы атындағы саябақта және Сұрыптау ықшамауда-нындағы Теміржолшылар мәдениет үйі жанындағы саябақта. Бұл орын-дарда өз конькиімен сырғанау тегін.

Мұз айдындары күн сайын сағат 12:00-ден 23:00-ге дейін жұмыс істейді. Ауа райының қолайсыз-дығына немесе мұзды жаңарту қа-жеттілігіне байланысты жұмыс ке-стесі өзгеруі мүмкін. Өзекті ақпарат Қарағанды қаласының саябақтар мен

гүлзарлар басқармасының @park.krg Instagram-парақшасында жарияла-нып отырады.

Конькиі жоқ келушілер үшін жалға беру қызметі қарастырылған. Жалға алу құны – 1000 теңге. Қа-уіпсіздік мақсатында мұзға тек конь-кимен шығу талап етіледі, қоғамдық тәртіпті сақтау және басқа келушілер-ге мұқият болу міндетті. Балалардың ересектердің бақылауымен сырғана-уы ұсынылады, сондай-ақ, мұз ай-дынына тамақ пен сусын алып кіруге тыйым салынған.

Қарағандыдағы ең үлкен мұз ай-дыны – Орталық саябақта.

Өз тілшімізден

• ТАНЫМДЫҚ САҒАТ

Тұлғалар тағылымы

Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада «Жас өлкетанушылар» үйір-месінің қатысушыларымен көрнекті ғалымдар Әбілқас Сағынұлының 110 жылдығына және Георгий Пивеньнің 80 жылдығына арналған «Грани таланта» танымдық сағаты өтті.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Танымдық сағат оқушы-лардың ғылымға деген қы-зуғышылығын арттырумен қатар, қазақ ғылымын да-мытуға сүбелі үлес қосып, мындаған шәкірт тәрбиелеп, соңында өшпес із қалдырған айтулы тұлғалардың еңбе-гімен таныстыру және насихаттау мақсатында ойын фор-матында ұйымдастырылды. «Өз өлкенді таны» ке-зеңінде қатысушылар пазл құрастыру арқылы тұлға-ларды анықтаса, «Ғылымға өмірлерін арнаған» бөлімінде



ғалымдардың өмір жолы, ғылы-ми еңбектері мен ел ғылымы мен білімінің дамуына қосқан үлесі туралы мол мағлұмат алды.

Шара барысында қатысушы-ларға Әбілқас Сағынұлы мен Георгий Пивеньнің ғылыми мұралары таныстырылып, ар-найы дайындалған бейнефильм көрсетілді.

Бұдан бөлек, қос ғалымның өмірі мен шығармашылығын және олар туралы естеліктерді қамтитын кітап көрмесі жұрт на-зарына ұсынылды.

Танымдық сағат соңында оқушылар өнегелі тұлғалардың өмір жолынан тағылым алып, ғылымға деген қызығушылықта-рының оянғанын айтып, ұйымда-стырушыларға алғыс білдірді.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ВОЛЕЙБОЛ

Саңлақ спортшыға деген сағыныш

Балқашта спорт сала-сының саңлағы, білікті жаттықтырушы Ерлан Түсіпбаевты еске алуға ар-налған ерлер арасындағы қалалық волейбол турнирі өтті. «Металлург» спорт кешенінде ұйымдасты-рылған жарыс ұстаз рухы-на тағзым етіп, қала спорт-шыларының басын қосқан мазмұнды додаға айналды.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ашылу салтанатында Балқаш қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ізба-сар Шокенов сөз сөйлеп, саналы жұмырын спортқа арнаған жат-тықтырушының қала спортының дамуына қосқан үлесін атап өтті.



Сондай-ақ, марқұмның жақын-дары мен әріптестері қатысушы-ларға ізгі тілектерін білдірді.

– Ақжарық ауылының тумасы Ерлан Түсіпбаев Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік уни-верситетін тәмамдап, еңбек жо-лын Ақтоғай ауданында бастаған. Кейін Балқашта №15 мектеп-ли-цейде, Ағыбай батыр атындағы оқушылар сарайында қызмет етіп, волейбол үйірмесін ашты. Оның шәкірттері қысқа уақыт ішінде қалалық және облыстық жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Біз спорт бөлімін-де қатар жұмыс істеп, бірқатар спортшылардың биік белестерді бағындыруына ықпал еттік, – деді Ізбасар Шәкенов.

Еске алу турниріне 9 команда қатысқан. Бір күнге созылған тар-тысты бәсекеде Ақтоғай коман-дасы I орынды иеленіп, 500 мың

теңге жүлдені қанжығасына бай-лады. II орын – Ақжал (300 мың теңге), III орын – Балқаш қаласы-ның «Жібек жолы» командасында (200 мың теңге). Ақсоран коман-дасы IV орынмен (100 мың теңге) марапатталды. Үздік ойыншылар да анықталып, арнайы сыйлықтар табысталды.

Айта кетейік, турнирдің жоға-ры деңгейде өтуіне «Балқаш қала-сының волейбол ассоциациясы» қоғамдық бірлестігі мен Балқаш қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі атсалысты. Жары-стың бас төрешісі Руслан Хами-тов Ерлан Қанатұлы атындағы еске алу турнирі келер жылы да жалғасын табатындығын атап өтті.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Галия Боранқұлыз БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ	Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күнелігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru	«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJБKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 526 №144 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ
---	---	--	---